

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

«18» ақпан 2016 жыл

Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары ТТЖ-ге кетуге байланысты «БЖЗҚ» АҚ-дан зейнетақы төлемдерін ресімдеуге өзгерістер енгізілді

Қазақстан Республикасының 02.08.2015 жылғы № 342-V «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңымен енгізілген түзетулерді ескере отырып, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы заңының 31 және 32-баптарына сәйкес 2016 жылғы 01 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерге тұрақты тұруға (ТТЖ) кеткен, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған кету дерегін растайтын құжаттарды ұсынған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен зейнетақы төлемдеріне құқығы бар.

Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары ТТЖ-ге кететін, оның ішінде Қазақстан Республикасында тұруға шетелдіктің ықтиярхатын өткізген, бірақ әлі Заңда белгіленген ережелерге сай Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары кетпеген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың «БЖЗҚ» АҚ-дан МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен құралған зейнетақы жинақтарын алуға құқығы жоқ.

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, Қазақстан Республикасында тұруға шетелдіктің ықтиярхаты және азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі бар шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар тиісінше Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей зейнетақымен қамсыздандыру құқығын пайдаланады.

Осыған орай, аталған тұлғалар санаты беретін төлемге өтініштерді, оның ішінде шетелдік төлқұжаттар негізінде **БЖЗҚ-ның орындауға құқығы жоқ.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 02.10.2013ж. №1042 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен құралған зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидасының 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылатын редакциясына сай ТТЖ-ге кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар БЖЗҚ-ға Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары ТТЖ-ге кетуге байланысты төлемге құжаттар өткізген кезде **БЖЗҚ бекіткен нысан бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішпен қатар шетелдік төлқұжат, сондай-ақ алушының банк шоты туралы мәлімет ұсыну керек.**

Қазақстан Республикасының 02.08.2015 жылғы № 342-V заңының зейнетақы төлемдері, сондай-ақ зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініштер бланкілерінің нысандарын оңтайландыру мен өзектендіру бөлігіндегі ережелерін іске асыру мақсатында **2016 жылғы 1 қаңтардан бастап БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініштер бланкілерінің жаңа нысандары күшіне енді.** Сонымен қатар «БЖЗҚ» АҚ Басқармасы Төрағасының 18.12.2015 ж. № 492 «2016 жылғы 01 қаңтардан бастап зейнетақы заңнамасындағы өзгерістерге байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы және зейнетақы жинақтарын аудару туралы өтініштер бланкілерінің нысандарын бекіту туралы» бұйрығымен **БЖЗҚ-ға пошта байланысы арқылы келіп түсетін ескі үлгідегі бланкілердегі өтініштерді 2016 жылғы 01 шілдеге дейінгі мерзімде қабылдауды қамтамасыз ету** белгіленді.

БЖЗҚ-ға өткізілу тәсіліне қарай жасалған зейнетақы төлемдерін ресімдеуге қажет құжаттар тізбесінің, оның ішінде өтініштерді төлем валютасына қарай толтыру үлгілерінің

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

«18» ақпан 2016 жыл

<http://www.enpf.kz/11464> мекенжайы бойынша БЖЗҚ корпоративтік веб-сайтына орналастырылғанын хабарлаймыз.

Анықтама:

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. «БЖЗҚ» АҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін көтеру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді.

Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz